ШУ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АЛАПТАРЫНДА КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БЕЙІМДЕЛУ

БОЛЖАМДАР МЕН САЛДАРЫ

Жақын келешекте климаттың өзгеруі Орталық Азияның кейбір аудандарында судың тапшылығына және де өзендер, оның ішінде Шу және Талас өзендері алаптары ағындысының қолайсыз өзгерістеріне әкеп соқтыруы мүмкін. Бұл өзендерге көптеген жағдайда Қырғызстан мен Қазақстандағы 3 миллион адамның әл-ауқаты тәуелді.

Карта климат өзгеруінің ең ауыр салдарының кейбіреуін көрсетеді: температуралар мен буланғыштықтың өсу себебінен құрғақшылықтың артуы және мұздықтардың еруі және таулар мен жазықтарда жауын-шашынның өзгеруі болғандықтан су ресурстары көлемдерінің жалпы қысқаруы. Бұл ретте экономиканың дамуы және халық санының өсуі нәтижесінде суға деген сұраныстың артуы күтіледі. Халықтың ең осал топтары – бұл өзен сағаларында тұрып жатқан адамдар, мұнда шөл даланың басуы және климат өзгерісінің салдарынан судың жетіспеушілік тәуекелі өте жоғары. Таулы жерді сондай-ақ Шу және Талас өзендерінің алқабында селдердің, эрозиялардың және қатты жауын-шашынның салдарынан қауымдар мен ауыл шаруашылығы осал болады.[1,2]

Атмосфералық жауын-шашынның ағымдағы деңгейі сақталған кезде Шу және Талас өзендерінің алаптарындағы мұздықтар қазіргі ғасырдың соңына дейін таусылуы мүмкін. Климаттың өзгерісі әсерінен өзен ағынының өзгеруі 2020-2030 жылдардан бастап бұдан да қатты білінетін болады.[3]

БЕЙІМДЕЛУ ҮШІН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2000 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы келісімге қол;[4]

Келісімге сәйкес елдер Қырғызстан аумағында орналасқан түйінді инфрақұрылымды ортақ қаржыландыруға келіседі, бірақ су екі елге де беріледі;[5]

2006 жылы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі бірлескен комиссиясы құрылды.[*]

БЕЙІМДЕЛУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ

Халықаралық деңгейде ынтымақтастық ету үшін платформа ретінде мына құжаттар қызмет етеді:

- БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік конвенция,
- Сулы-батпақты алқаптары туралы Рамсар конвенциясы, ең бастысы суда жүзетін құстардың мекендайтын жері ретінде халықаралық маңыздылығы бар,
- Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция,
- Экологиялық ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы Орхос конвенциясы,
- БҰҰ ЕЭК-ның трансшекаралық су ағындарын және халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенциясы (Қырғыз Республикасы аталған конвенцияның тарапы болып табылмайды).[6]

Конвенциялар елдер арасында ынтымақтастықтың негізін құрайды, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін де қорғайды. Олар қауымдарға қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі және де мемлекеттен халықаралық келісімдер шеңберінде қабылданған міндеттемелердің орындалуына қол жеткізеді.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БЕЙІМДЕЛУ ШАРАЛАРЫ

Жергілікті қауымдастықтар – бұл Қырғызстанның табиғи байлығын сақтау үшін нақты күш. Шабындықтар, өзендер және т.б. орналасқан нақты аумақтарды басқару жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қарамағында тұр. Бұл ретте жергілікті тұрғындардың және биліктің табиғи шектеулерді есепке алмай, табиғи ресурстарды тұтынуға ғана ұстанымы табиғатпен жасалған тұрақтылық тетігінің бұзылуына әкеп соқтырады, ал бұл теріс салдармен күресу қажеттілігін, залал мен зиян шегуді тудырады.

Дұрыс және тиімді стратегия тірі табиғатты сақтау және қалпына келтіру жөнінде қамқорлық болып табылады. Бұл жергілікті билік өкілдерінің түйінді міндеттерінің бірі болуы тиіс.

- **Гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін су ресурстарын, сонымен қатар ауылшаруашылық мұқтаждықтар үшін басқаруға ерлермен қатар әйелдерді де жұмылдыру, және де тең қолжетімділікті және оларды бақылауды қамтамасыз ету маңызды.**
- **Экожүйелерді сақтаңыз. Селдерді болдырмау үшін ағаштар отырғызыңыз.**
- **Жылуды сақтаңыз. Үйлердің жылулық оқшаулауын жүргізіңіз.**
- **Компост шұңқырларын пайдаланыңыз. Жапырақтар мен ағаштарды өртемеңіз. Пластиктен жасалған бұйымдарды өртемеңіз.**
- **Энергияны сақтаңыз. Энергияны үнемдейтін шамдар мен жылу жабдығын пайдаланыңыз.**
- **Дәрі-дәрмекті тұрақты түрде қабылдаңыз және созылмалы аурулар болған кезде дәрігердің қабылдауына барыңыз.**
- **Су көздерінің тазалығын қадағалаңыз. Ауыз суына ұқыптылықпен қараңыз. Тұрмыстық қалдықтарды өзендер мен арықтарға төкпеңіз.**
- **Аумақтарды өсімдіктердің әртүрлі жергілікті түрлерімен көгалдандырыңыз.**
- **Жеке және қоғамдық гигиена ережелерін сақтаңыз.**
- **Төтенше жағдайлар кезінде алғашқы жәрдем көрсетуді үйреніңіз.**
- **Жаңғыртылатын энергия көздерін пайдаланыңыз – күн, жел, су.**

Жағадағы экожүйелерді сақтаңыз! Олар өзеннің ағынын қалыптастырады және реттейді, климатты тұрақтандырады, дүлей апаттардың жиілігі мен күшін азайтады!

[1] ҚР ҰҒА Су проблемалары және гидроэнергетика институтының зерттеулері бойынша.
[2] Дүниежүзілік банк және ТЖМ деректері бойынша.
[3] https://issuu.com/zoieenvironment/docs/chu_talas_rus материалдары бойынша
[4] 2002 жылғы қазан айында Келісім БҰҰ Хатшылығында тіркелді.
[5] Комиссияның қызметі туралы толығырақ мына сайттан қарауға болады http://chui.at.kg/ru/.
[6] Конвенция туралы толығырақ мына сайттан қараңыз http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/watercourses_lakes.shtml
[*] Қазіргі таңда Шу және Талас өзендерінің ағыны Қырғызстанда сәйкесінше Орто-Токай мен Киров су қоймаларымен реттелген.
Мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы объектілері: Киров және Орто-Токай су қоймалары, Шу өзеніндегі темірбетон айналма арналар, оларға қатысты Батыс және Шығыс Шу арналары гидротехникалық құрылыстармен бірге, сондай-ақ Шу өзеніндегі Шомішқ су торабы.

Құрастырушылар: Постнова Е.А., Домашов И.А., Кириленко А.В., Коротенко В.А. Новиков В.В. Дизайн: Берёза С.В. Бішкек, 2018 ж.

Плакат БҰҰ ЕЭК-тың қолдауы және "Zoi" environmental network жәрдемдесуі кезінде жоба шеңберінде «БИОМ» Экологиялық Қозғалысымен әзірленді.

UNECE
Ulkoministeriö Utrikesministeriet Ministry for Foreign Affairs of Finland
FinWater WEI
BIOM ECOLOGICAL MOVEMENT

Жариялаған дамыту мақсатына ынтымақтастық шеңберінде, Финляндияның қаржылық қолдауымен дайындалды (Finnish development cooperation funds).